

Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 3 шілдедегі № 12 "Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Битілеу ауылы аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 16 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 қыркүйекте № 4043 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 12 наурыздағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің 12.03.2021 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушысы **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 3 шілдедегі № 12 "Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Битілеу ауылы аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3945 тіркелген, 2015 жылғы 16 шілдеде "Жайық таңы" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Ақжол ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Қ. Е. Ажғалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

